

*“Түркістан” көпсалалы жоғары медициналық колледжі*

# Презентация

Тақырыбы: Халық денсаулығын сақтаудың негізі ретінде  
қоғамдық денсаулық сақтауды дамыту

Қабылдаған: Бабажанова О.

Орындаған: Азизбаева З.

# Жоспар

## I Кіріспе

## II Негізгі бөлім

1. Халық денсаулығын сақтаудың негізі ретінде қоғамдық денсаулық сақтауды дамыту
2. Қоғамдық денсаулық сақтау қызметін құру
3. Республикалық деңгейде инфекциялық және инфекциялық емес аурулардың қауіп факторларына эпидемиологиялық мониторинг жүргізу функциялары

## IV Қорытынды

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

Халық денсаулығын нығайту және қорғау тек тиісті стратегияларды дамытуды және түрлі тіршілік салаларындағы ресурстарды жұмылдыруды ғана емес, мемлекеттің, жұртшылықтың және халықтың осы бағыттағы қызметін интеграциялауды қамтамасыз ету үшін орнықты және тиімді негіз қалауды талап етеді.

# Халық денсаулығын сақтаудың негізі ретінде қоғамдық денсаулық сақтауды дамыту

Үздік халықаралық тәжірибеге сәйкес, денсаулық сақтау жүйесін одан әрі дамытудың негізі қоғамдық денсаулық сақтау қызметін (ҚДСҚ) құру болмақ.

Қоғамдық денсаулық сақтау қызметі жұмысының негізгі бағыты қоғамның денсаулығын басқару, МСАК-тің мүдделі мемлекеттік органдармен (санитариялық-эпидемиологиялық, экологиялық, ветеринариялық қызметтермен) ведомствоаралық өзара іс-қимылының негізінде ағарту, консультациялар, саламатты өмір салтын насихаттау, қолдау арқылы халықтың денсаулығын, мінез-құлық стереотиптерін қолдау бағытында өзгерту болмақ.

# ҚДСҚ негізгі функциялары:


- халықтың хабардарлығын және оның қоршаған ортаның түрлі факторларының, дұрыс емес тамақтанудың және мінез-құлықтық қауіптердің зиянды әсерін профилактикалау және төмендету бойынша іс-шараларға тартылуын арттыру;
- инфекциялық және негізгі инфекциялық емес ауруларға, соның ішінде психикалық саулықтың бұзылыстары мен жарақаттанушылыққа эпидемиологиялық мониторинг жүргізуді қамтамасыз ету;
- ел халқының денсаулығын қорғауға және нығайтуға бағытталған сектораралық өзара іс-қимылды қамтамасыз ету, үйлестіру және кеңейту;
- денсаулықты қорғау саласындағы заңнаманың және басқа да құқықтық нормалардың сақталуын бақылауды қамтамасыз ету;
- өңірлік және ұлттық деңгейде аурулардың дамуын ұзақ мерзімдік үлгілеу мен болжаудың халықаралық жүйелерін енгізу болады.

## **МСАК-ті жаңғырту және басымдықпен дамытудың негізінде барлық денсаулық сақтау қызметтерін пациент мұқтаждықтары айналасына интеграциялау**

- МСАК оның көлденең (амбулаториялық-емханалық) және тік (психиатриялық, наркологиялық, туберкулезге қарсы, онкологиялық және т.б) бейінді қызметтермен өзара іс-қимылының өзгеруімен, халыққа медициналық көмек көрсетуді ұйымдастыру жүйесіндегі орталық звеноға айналады.
- Тегін амбулаториялық емдеу үшін дәрілік заттар тізбесін кезең-кезеңімен кеңейте отырып, МСАК деңгейіндегі медициналық көмек кеңейтілетін болады.
- Жоспарлы мамандандырылған көмек МСАК-ке тіркелген тұрғындардың қажеттілігіне байланысты болады, оңалту және ұзақ күтім жасау қызметтері, соның ішінде жеке меншік секторды тарта отырып дамиды.
- Көлік медицинасын, соның ішінде санитариялық авиацияны, жедел медициналық жәрдемді, телемедицинаны, жылжымалы дәріханалық пунктер желісін одан әрі дамыту жүзеге асырылатын болады.
- Дәлелдік медицинаға, ғылыми әзірлемелерге негізделген медициналық көмек көрсетуді ұйымдастыру стандарттарын, клиникалық хаттамаларды жетілдіру және енгізу жалғасады.


## Республикалық деңгейде инфекциялық және инфекциялық емес аурулардың қауіп факторларына эпидемиологиялық мониторинг жүргізу функциялары

Инфекциялық және инфекциялық емес ауруларды санитариялық және эпидемиологиялық қадағалау функцияларын интеграциялау жолымен қоғамдық денсаулық сақтау қызметін құру, саламатты тамақтануды насихаттау және саламатты өмір салтын ынталандыру. ресурстарды жұмылдыруды ғана ем Халық денсаулығын нығайту және қорғау тек тиісті стратегияларды дамытуды және тіршілік етудің әртүрлі секторларындағы ес, мемлекеттің, жұртшылықтың және халықтың осы бағыттағы қызметін интеграциялауды қамтамасыз ету үшін орнықты және тиімді институционалдық негіз жасауды талап етеді.



- ҚДСЖ негізгі функциялары мыналар болмақ: халықтың хабардар болуын және оны қоршаған ортаның әртүрлі факторларының, дұрыс емес тамақтанудың және мінез-құлықтық қауіптердің зиянды әсерін профилактикалау және төмендету жөніндегі іс-шараларға тартуды арттыру; санитариялық-эпидемиологиялық қадағалау мен инфекциялық және негізгі әлеуметтік мәні бар инфекциялық емес ауруларды, соның ішінде психикалық саулықтың бұзылыстары мен жарақаттанушылықты бақылауды қамтитын мониторингті қамтамасыз ету; ел халықының денсаулығын сақтау мен нығайтуға бағытталған сектораралық өзара іс-қимылды қамтамасыз ету, үйлестіру және кеңейту; денсаулықты қорғау және эпидемиологиялық қауіпсіздік саласындағы заңнаманың және басқа да құқықтық нормалардың сақталуын қамтамасыз ету; популяциялық (ұлттық) және өңірлік деңгейлерде аурулардың дамуын ұзақ мерзімдік үлгілеу және болжаудың халықаралық жүйелерін енгізу.



A collage of images related to health and medicine. It includes a teddy bear, a first aid kit with a red cross, a stethoscope, and a group of stylized human figures in blue. The background is white with a light blue and black geometric pattern at the bottom left.

ҚДСЖ қызметі МСАҚ, тиісті ғылыми-зерттеу ұйымдары және бағдарламаларымен тығыз байланыста болады. ҚДСЖ қызметінің маңызды мақсаттарының бірі тамақтануды ұтымды ету мен саламатты өмір салтын ынталандыру, санитариялық, репродуктивті және дене мәдениетін дамыту, дұрыс тамақтануды насихаттаудың негізінде халықтың өз денсаулығы үшін жауапкершілігін арттыру болмақ. Бұл азаматтарды ақпараттандыру және ағарту, персоналдық денсаулық және қоғамдық денсаулық сақтау мәселелерінде олардың мүмкіндіктерін кеңейту жөніндегі іс-шаралармен қамтамасыз етіледі. Бұл үшін мінез-құлықтық психология және экономика саласындағы ғылыми негізделген әзірленімдердің негізінде, дәстүрлі бұқаралық ақпарат құралдары мен заманауи әлеуметтік медиа-ресурстар мен желілерді белсенді түрде тарта отырып, әлеуметтік маркетингтің инновациялық технологиялары ендірілетін болады



ҚДСЖ екінші маңызды міндеті санитариялық-эпидемиологиялық қадағалау мен бақылаудың тиімділігін арттыру, аса қауіпті инфекциялардың, туберкулездің, АИТВ/ЖИТС-ның таралауына қарсы күресу және салдарларын азайту бойынша әрі қарайғы шараларды іске асыру болмақ. Мониторланатын инфекциялардың тізбесін қайта қарау және инфекциялық емес сырқаттардың тізбесін айқындау эпидемиологиялық ахуалды ескере отырып, тұрақты негізде жүргізілетін болады.





Санитариялық-эпидемиологиялық қызметтің тағы бір міндеті әлем елдеріндегі қайта туындайтын аса қауіпті инфекцияларға пернаментті мониторинг жасау және елімізге аса қауіпті инфекциялар мен қауіпті жүктердің әкелінуіне және таралуына жол бермеуге бағытталған, республика шекаралары мен аумағын санитариялық қорғау жөніндегі ісшараларды қамтамасыз ету болып табылады.



## Адам денсаулығының әлеуметтік детерминанттарының әсеріне бағытталған сектораралық өзара іс-қимылды дамыту



Сектораралық өзара іс-қимыл аурулардың туындауының қауіп факторларын төмендетуді нысанаға алып, мыналарға бағытталған кешенді шараларды қарастырады: халықтың сауаттылық деңгейін, соның ішінде саламатты өмір салтын жүргізу және қалыптастыру мәселелеріндегі сауаттылық деңгейін көтеру; алкогольді, шылымды, есірткі және психотроптық заттарды тұтынуды төмендету; салауатты теңгерілген тамақтану; дене шынықтырумен және спортпен ұдайы шұғылданушылар санының өсуі; жол-көлік оқиғаларын төмендету; білім беру және денсаулық сақтау жүйесіне психологиялық қызметтерді енгізумен қауіпсіз балалық шақ, кәмелетке толу және егделікті қамтамасыз ету; қауіпсіз еңбек және тұрмыс жағдайларын жасау; халықтың ауруға шалдығу жағдайына және оларды төмендету бойынша іс-шаралар әзірлеуге ықпалына жасалатын мониторинг деректерін ескере отырып, ауаның, судың және топырақтың ластануын азайту, шу деңгейін төмендету.

Сектораралық өзара іс-қимылдың басым міндеті ана мен баланы қорғау бойынша кешенді шараларды іске асыру, соның ішінде балалар жарақаттанушылығын төмендету; балалар мен жастардың менталдық және репродуктивті денсаулығын нығайту болады



# Қорытынды:

- "Халық денсаулығы" мемлекеттік бағдарламасы Қазақстан Республикасының Конституциясында және басқа да заң актілерінде, "Қазақстан-2030". Барлық қазақстандықтардың гүлденуі, қауіпсіздігі мен әл-қуатының жақсаруы" даму Стратегиясында бекітілген, азаматтардың құқықтарын іске асыруды қамтамасыз ету үшін жасалған және Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының "XXI ғасырда баршаға денсаулық" стратегиясына сәйкес келеді.

Ресми статистиканың мәліметтері бойынша Қазақстан халқының медициналық-демографиялық ахуалы мен денсаулығының жай-күйін талдау (туылуы, жалпы өлім-жітім мен аурулардың әр түрлі тобынан болған өлім-жітімнің көрсеткіштері, алдағы өмірдің орташа ұзақтығы, аурудың құрылымы және т.б.) мұның дамыған елдердің көпшілігіне қарағанда нашар екенін және шаралар қолданбаған жағдайда оның қоғамға едәуір әлеуметтік-экономикалық зиян келтіріп, одан әрі нашарлай түсуі мүмкін екенін көрсетіп отыр.

Осы Бағдарлама денсаулық сақтау жүйесінің алдына қойылған міндеттерді орындау үшін жағдайлар жасауға бағытталған. Бұл жағдайлар нақты міндеттермен көрсетілген, олардың шешілуін бағдарламаны іске асырудың әрбір кезеңінде бақылап отыруға болады.

- Халықтың қатысуымен, салааралық ықпалдастық пен барлық деңгейдегі басқару органдарын үйлестірудің негізінде Бағдарламаның Қазақстан Республикасы Үкіметінің басты міндеттерінің бірі ретінде орындалуы республика халқының денсаулығы жай-күйінің келеңсіз құбылыстарын тоқтатуға, сондай-ақ таяудағы жылдары тектік қорды сақтау, демографиялық ахуалды өзгерту, Қазақстан халқының рухани және жекелей түлеуі үшін негізгі алғышарттарды жақсартуға мүмкіндік беретін болады.

Бағдарламаның іске асырылуы Бағдарламада қойылған міндеттерді шешудің оңтайлы жолдарын іздестіру жөнінде, денсаулық көрсеткіштеріне және олардың болжамына ықпал ететін факторлармен өзара байланысында халық денсаулығының жай-күйін бағалау жөніндегі ғылыми-зерттеу сипатында тұрақты мониторинг пен жұмыстар жүргізуді қажет етеді.



Бағдарламаның негізгі бөлімдері бойынша іске асырудың тетіктерін жасау мәселелері жөнінде осы Бағдарламаны мемлекеттік, аймақтық және жергілікті деңгейлерде жүзеге асыруда мүдделі министрліктер мен ведомстволардың ісшараларының нақты жоспарлары әзірленетін болады.

Стационарлықтан амбулаториялық принциптерге, АЛМСЖ-ді дамытуға, иммунопрофилактиканы күшейтуге, қоршаған ортаны сауықтыруға, медициналық қызмет көрсету технологияларын жаңартуға көшу жөніндегі іс-шаралардың орындалуы, кадрларды басқару және даярлаудағы өзгерістер, денсаулық сақтауды ресурстық қамтамасыз етудің жақсартылуы, Бағдарламаға кірген, материалдық-техникалық базаны нығайту және салауатты өмір салтын кеңінен енгізу денсаулық көрсеткіштерінде оң ілгерілеуге қол жеткізуге шын мәнісінде мүмкіндік береді, нәтижесінде Қазақстан халқының рухани және тән саулығы жақсарады. Адамдардың өмірі мен денсаулығы қоғамның ең басты құндылықтары болған және бола береді. Бұл Бағдарламаны іске асыруға жұмсалған қаржы және басқа ресурстар келешекте едәуір экономикалық тиімділік беретін болады.

# Пайдаланылған Әдебиеттер:

- [http://adilet.zan.kz/kaz/docs/U980004153\\_](http://adilet.zan.kz/kaz/docs/U980004153_)  
<http://www.amu.kz/kz/%D0%B4%D0%B5%D0%BD%D1%81%D0%B0%D1%83%D0%BB%D1%8B%D0%BA.pdf>

